

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
заң ғылымдарының докторы
профессор
полиция полковнигі
_____ З.С.Тоқыбаев
« ____ » _____ 2016 ж

**Пән бойынша
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН**

PSI 5204 «Психология»
6M030300 - «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Ғылыми-педагогикалық магистратура

Курс -1
Семестр -1
Кредит саны -2

Қарағанды 2016

«Психология» пәні бойынша «Құқық қорғау қызметы» мамандыққа арналған
ОӘК

Құрастырған: Педагогика және басқару теориясы кафедрасының
профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты, Г.С.Имажанова

Қазіргі таңда ішкі істер орган қызметкерлерінің кәсіби-психологиялық
дайындығын жетілдіру мәселесі өзгеше орын алып отыр. Психология пәні
қызметкерлердің психологиялық білімдермен қаруландыруды, адам
психикасының ерекшеліктері жөнінде теориялық және тәжірибелік түсініктер
беруді көздейді.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды «___» _____ 2016 жыл, №__ хаттама

Педагогика және басқару
теориясы кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Е.Т. Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде қарастырылды «___» _____ 2016 жыл, №__ хаттама

**©Қазақстан республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды
академиясы, 2016 жыл**

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институты
Педагогика және басқару теориясы кафедрасы**

Бекітемін
Академия бастығының оқу ісі
жөніндегі орынбасары
заң ғылымдарының докторы
профессор
полиция полковнигі
_____ З.С.Тоқыбаев
«___» _____ 2016 ж

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

PSI-5204 «Психология»

6M030300 «Құқық қорғау қызметі» мамандығы бойынша
Ғылыми және педагогикалық магистратура

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 1
Семестр: 1
Кредит саны: 2
Дәріс: 5 сағат
Семинар: 10 сағат
Тәжірибелік сабақтар: 15 сағат
МӨӨЖ: 30сағат
МӨЖ: 30сағат
Емтихан 1 семестр

Қарағанда 2016

«Психология» пәні бойынша 6M030300 – құқық қорғау қызметі
мамандығына арналған оқыту бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: Имажанова Гүлмира Съезбекқызы, педагогика және басқару
теориясы кафедрасының профессоры, п.ғ.к.

Кафедра мәжілісінде қарастырылды «____» _____ 2016 ж., № ____ хаттама

Педагогика және басқару
теориясы кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Е.Т. Түсіпбеков

ОӘК мәжілісінде бекітілді «____» _____ 2016 ж., № ____ хаттама

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	PSI-5204 «Психология» 6M030300 – құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша
2. Курс, семестр	1
3. Пән циклы	Әлеуметті гуманитарлық
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	ЖООКББИ аудиториясы
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Педагогика және басқару теориясы кафедрасының профессоры, п.ғ.к., полиция полковнигі Г.С. Имажанова. Кафедрада болу уақыты 9.00 - 17.30 әр жұма сайын, сенбі күні 9.00 - 14.00. сағатқа дейін. Кафедрадағы байланыс телефон -371
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Педагогика және басқару теориясы кафедрасының профессоры, п.ғ.к., полиция полковнигі Г.С. Имажанова. Кафедрада болу уақыты 9.00 - 17.30 әр жұма сайын, сенбі күні 9.00 - 14.00. сағатқа дейін. Кафедрадағы байланыс телефон -371

3.2 Пререквизиттер: Психология пәнінің мақсаты – магистранттардың психология-педагогикалық дайындығын жетілдіру. Мазмұны Мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес. Психологиялық мәдениетті қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері, алдағы әрекеттердегі күзіреттілігі. Магистранттарға тәжірибедегі кәсіби қарым-қатынас технологияларын ары қарай дамытудағы келешекті түсінуді қамтамасыз ететін кәсіби маңызды ептіліктер жүйесі.

Жеке тұлғаның психологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып жетекшінің жеке кәсіби стилін қалыптастыру.

3.3 Постреквизиттер: Психология пәнін оқып білгеннен кейін осы пәннің қолданбалы сұрақтарымен детальді түрде таныстыру – қызмет бабындағы адамдардың өзара қарым-қатынастары, психологиялық байланысты орнату, дау-жанжалдарды шешу - мақсатқа лайықты. Бұларды келесі пәндерді оқып білуде қолдануға болады: философия, құқық негіздері.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау: Психологияның зерттейтін пәні-психика. Психология ғылым ретінде психиканың әр түрлі құбылыстарын зерттеу және түсіндіруімен ғана емес, сондай-ақ олардың мәнін қорыта талдау және ашып көрсету, яғни солардың негізінде психологиялық құбылыстар мен процестердің себептерін, әрі олардың болашақта көрініс беретіндігін болжауға болатын белгілі бір заңдылықтарды ашып анықтаумен шұғылданады. Психология-психикалық құбылыстардың пайда болу, даму және қалыптасу заңдылықтарын зерттейтін ғылым. Зерттеу объектісі-адам.

Пәнді оқыту міндеті - психикалық әрекеттердің даму барысындағы заңдылықтарды зерттеу (Жан құбылысын жете түсінуге мүмкіндік беру; Адамды тәлім-тәрбиеге ұмтылту; Психологияның басқа ғылымдармен байланысын ашу; Ғылыми шығармашылықтың әлеуметті мәдениетке байланыстылығын көрсету; Психология ғылымының қалыптасуын және жеке тұлғаның рөлін зерттеу). Бұл заңдылықтар адам миындағы объективтік дүниенің бейнелеуін, осыған байланысты оның қылықтары қалай реттелетінін, психикалық әрекет қалай дамидынын және тұлғаның психикалық қасиеттері қалай қалыптасатынын ашып көрсетеді. Психика объективтік шындықтың бейнеленуі екені белгілі, сондықтан психологиялық заңдылықтарды зерттеу, алдымен, психикалық құбылыстардың адамның өмірі мен іс-әрекетінің объективті жағдайларына байланысты болатынын білдіреді. Соңғы онжылдық көлемінде психологиялық зерттеулер шеңбері айтарлықтай кеңіп, жаңа ғылыми бағыттар мен пәндер пайда болды. Психология ғылымының ұғым аппараты өзгеріп, жаңа жорамалдар мен тұжырымдамалар үздіксіз пайда болып, психология жаңа эмперикалық мәліметтермен толығуда. Психология зерттейтін құбылыстар аумағы өте кең. Ол күрделілік деңгейі әр түрлі-сезім мүшелеріне әсер ететін объектінің жеке түрлерінің қарапайым айырмашылығынан бастап тұлғаның мотивтік күресіне дейін болатын адамның күйлері мен қасиеттерін, үрдістерді қамтиды. курстың мақсаты және міндеті, қысқаша мазмұны (пән бойынша қарастырылатын тақырыптар мен негізгі сұрақтар)

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер	Бақылау нысаны (рейтинг-)	Балл (рейтинг-)	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	реферат	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Рефератты ауызша қорғау	1,33 -4,0	реферат	Тәжірибелік сабақта оқытушының келісімімен
2	эссе	Пән бойынша алынған теориялық білімдерді талдау, қорыту және бекіту.	3.7 п.қара	Эссені жазбаша түрде қорғау	1,33 -4,0	эссе	Тәжірибелік сабақта оқытушының келісімімен

3.6. Курс саясаты: Магистранттардың міндеті үнемі дәріс, семинар, тәжірибелік сабақтарына кесте бойынша қатысу, пән бойынша

тапсырмаларды тапсыру кестесінің талаптарын орындау, кітапханадағы әдебиеттермен өзіндік жұмыс істеу.

Магистрантардың жауапкершілігі кешігуі, сабаққа келмеуі, аудиториядағы қылықтары, басқа да магистрантардың сабақтарды қабылдауы «ҚР ІІМ Б.Бейсенов ат ҚА ішкі тәртіп ережесімен» қарастырылады.

Егер де мерзімінен кешігіп берілген хаттық жұмысы берілсе де («Тән бойынша тапсырмаларды тапсырмаса және орындау кестесі орындалмаса» кара) білімінің бағалау рейтингі 10% пайызға төмендетіледі.

Магистранттың жеке өзі болмай соңғы бақылау жүргізілмейді. Барлық кезде емтиханда болмау «ҚР ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының оқу процесін ұйымдастыру ережесімен» реттеледі. Сабаққа кешігіп келу және сабақты босату, босатылған сабақтарға өтем жасауға рұқсат алу шарты, аралық аттестация, өзіндік жұмыстарды кеш ұсыну, білім алушылардың аудиториядағы тәртібі және т.б.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Казахстан Республикасының Конституциясы	Алматы, 1999 г.
2.	Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».	17 Қаңтар 2014, Астана
2. Негізгі әдебиеттер		
3.	Аймауытов Ж. Психология	А., 1995
4.	Алдамұратов Ә. Қызықты психология.	А., 1992
5.	Атлас по психологии. / Под ред. М.В. Гамезо, И.А. Домашенко. -	М., 1986
6.	Алдамұратов Ә. Жалпы психология	Алматы., 1996
7.	Выготский Л.С. Собр.сочинений в 6 томах.	М., 1986.
8.	Выготский Л.С. Мышление и речь..	М., 1996
9.	Гальперин П.Я. Введение в психологию.	- М., 1984.
10.	Гиппенрейтер Ю.Б. Введение в психологию..	М., 1976.
11.	Дружинин В.Н. Психология общих способностей.	М., 1988
12.	Дьюи Д. Психология и педагогика мышления.	СПб., 2000
13.	Жарықбаев Қ. Психология.	А., 1980
14.	Жарықбаев Қ.Б. Жан тану негіздері	А., 1993.
15.	Жарықбаев Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі	Алматы.,2002.
16.	Жұмабаев М. Педагогика	А., 1995
17	Зинченко Т.П.Память в экспериментальной о когнитивной психологии	А., 1992 СП.,2002
18	Итбаев Н.И. Жалпы психология..	Ақмола, 1992

19	Изард К. Психология эмоций (перевод с английского).	СПб., 2000
20	Крайг Г. Психология развития (перевод с английского).	
21	Краткий психологический словарь/Сост. Л.А. Карпенко;	
22	Под общ. Ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского. Крутецкий В.А. Психология.	М., 1985
23	Колесников В.Н. Лекции по психологии индивидуальности.	М., 1986
24	Коломинский Я.Я. Человек: психология.	М., 1996
25	Кан-Калик В.А. Грамматика общения	М., 1986
26	Құдайқұлов М.Ә. Қабілеттілік, дағды, шеберлік.	А., 1986
27	Леонтьев А.Н. Проблемы развития психики.	М., 1981
28	Лурия А.Р. Эволюционное введение в психологию. -	М., 1975
29	Леонтьев А.А. Психология общения.	Тарту:
30	Ломов Б.Ф. Проблема общения в психологии.	ТУ, 1974
31	Мирза Н.В., Румянцева Л.Е. Основы профессионально-педагогического общения.	Караганда, 2003
32	Немов Р.С. Психология. СС в 3-х томах.	Т. 1. - М., 1995
33	Сәбет Бап-Баба Жалпы психология	Алматы., 2003
34	Слободчиков В.И., Исаев Е.И. Психология человека.	СП., 2001
35	Столяренко И.С. Психология управления и делового общения	М.; 2000 г.
36	Тәжібаев Т. Психология.	А., 2006
37	Темірбеков А. , Балаубаев С.П. Психология	А., 2013
3. Қосымша әдебиеттер		
38	Квинн В. Прикладная психология.	СПб., 2000
39	Стефаненко Т.Г. Этнопсихология.	М., 2000,
40	Петровский А.В. Введение в психологию.	М., 1995
41	Хрестоматия по ощущению и восприятию./ Под ред. Ю.Б. Гиппенрейтер.	М., 1975,
42	Петровский А.В. Роль фантазии в развитии личности.	М.«Знание»., 20
43	Дудецкий А.Я. Теоретические вопросы воображения и	00
44	творчества. Немов Р.С. Общая психология. М., 1996.	Смоленск, 1990
4. Ғаламтор көзі		
45	www.jet.msk.su	
46	www.google.kz	
47	www.yandex.ru	
48	www.referaty.kz	
49	www.window.edu.ru/resource/870/58870/files/97.pdf	
50	www.for-stydenets.ru/.../lekcii-po-informatike-1-kurs.htm	
51	www.is.institute.sfu-kras.ru/node/682	

3.8. «Психология» пәні бойынша тақырыптық жоспары (Ғылыми және педагогикалық магистратура)

№	Оқылатын тақырыптардың атауы	Дәріс	Семинар	Тәж	МОӨЖ	МӨЖ
1	Психология ғылым ретінде пәні, міндеттері және ерекшеліктері.	1	2	3	7	5
2	Психологияның теориялық және әдістемелік негіздері.	1	2	3	7	5
3	Психологияның жаратылыстану-ғылыми негіздері	1	2	3	5	7
4	Психикалық танымның процестері.	1	2	3	5	7
5	Тұлғаның психологиясы	1	2	3	6	6
	Барлығы	5	10	15	30	30

3.9. Сабақ жоспары.

Дәріс 1. Психология пәні, міндеттері және ерекшелері

Дәріс – 1 сағат

Дәріс жоспары:

1. Психологияның пәні және мақсаты.
2. Психологияның құрылымы және тәсілдері.
3. Психологиялық - педагогикалық құбылыстың және заңдылықтардың ғылыми түсініктеме.

Адам - көптеген ғалымдардың зерттеу тақырыбы болып келеді. Адамзат өзінің тарихын, шығу тегін, тілдері мен салт-дәстүрлерін тануында психология ғылымы ерекше орын алады. Ежелгі ойшылдар адам үшін басқа адамнан артық қызық объекті болмайтынын қателеспей айтқан. Психологияның зерттеу пәнінің негізіне, адам болмысының табиғаты, психикалық құбылыстары, үрдістері, қасиеттері кіреді. Адам дамуының заңдылықтары және оның ерекшеліктері туралы ғылыми ілімдердің жүйесі жалпы қоғамның дамуы үшін қажет. Бірақ адам жеке өзіндік арнайы мәселелері бар әр түрлі ғылымдардың амалдары арқылы кешенді зерттеулердің объектісі болып саналады. Гуманитарлық ғылымдар әлеуметтік үрдістерді зерттеген кезде психологиялық факторларды ескеру қажеттілігі туындайды. Бірақ әрбір ғылым өз пәнінің ерекшеліктерімен

айрықшаланады. С.Л.Рубинштейн "Жалпы психология негіздері" еңбегінде (1940) былай деп жазды: "Психология зерттейтін құбылыстардың арнайы шеңбері анық әрі айқын көрінеді. Бұған біздің өміріміздің ішкі мазмұнын құрайтын және бізге тікелей тән уайымдар сияқты сезімдер, ойлар, ұмтылыстар, тілектер, ниеттер, қабылдаулар және т.б. жатады...". Психиканың алғашқы сипаттамалық ерекшелігі - жеке адамда тікелей өзіндік уайымдарының болуы - тікелей сезімнің негізінде ғана білініп, басқа ешқандай тәсілдермен қабылданбайды. Жаратылыстың әсемдігі қалай әдемі әрі жарық сипатталса да зағип (соқыр) оны білмейді, ал саңырау оның үнінің саздылығын тікелей қабылдаусыз сезбейді, өз басынан сүйіспеншілікті өткермеген адамға бұл сезімнің барлық ерекшелігін, шығармашылығының ләззатын және күрестің күшеюін, басқаша айтқанда, адам тек өзі ғана басынан кеше алатынды ешқандай психологиялық трактат алмастыра алмайды.

Психологияның ерекшеліктерін, ежелден, адам ақылы тысқары құбылыстар ретінде қабылдап келе жатқандықтан, оларды ғылыми тұрғыдан анықтау қиындыққа соқтырады. Шынайы бір заттың қабылдануы заттың өзінен түбегейлі айырмашылықта болатыны айдан анық. Тәннен жанды бөлек, ерекше нәрсе түрінде қабылдауды мысал ретінде келтіруге болады. Адамдар мен жануарлардың өлетінін, адамның түс көретінін ежелгі адамдар да білген. Осыған байланысты адам екі бөліктен тұрады деген сенім пайда болған: сезілетін тәннен және сезілмейтін жаннан; адамның тірі кезінде жаны тәнінде болады, ал жан тәннен ажырағанда - адам өледі. Адамның психика туралы нақтылы көзқарасын оның жеке өмір тәжірибесі қалыптастырады. Қоғамдық және жеке тәжірибелерден алынған психологиялық қарапайым мәліметтер, бірлесіп еңбек ету үрдісінде, бірлесіп өмір сүру кезінде басқа адамның әрекеттері мен қылықтарына дұрыс жауап қайтаруға қажетті шарттар болып саналатын, ғылымға дейінгі психологиялық ілімдерді құрайды. Бұл ілімдер қоршаған адамдардың мінез-құлықтарына бағыт-бағдар беруге дұрыс ықпал етуі мүмкін. Алайда, олар дәлелсіз, тереңдетілмеген жүйесіз болып табылады. Біз оларды тек өз тәжірибеміз арқылы ғана емес, сонымен қатар көркем әдебиет, мақал-мәтелдер, ертегілер, аңыздар, мысалдар арқылы меңгереміз. Міне, осылар қазіргі заманғы психологияның барлық психологиялық теориялары мен салаларының бастаулары болып саналады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,19.

Қосымша әдебиеттер: 38,39,42

Дәріс 2. Психологияның теориялық-методологиялық негіздері

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Психологияның теориялық-методологиялық негіздері.
2. Психологиялық методология жүйесінде психологиялық заңдылықтар

Методология – бұл адамның психикалық процесстерінің саласындағы танымның ғылыми әдістері туралы, психологтың және маманның теориялық және тәжірибелік қызметін құру және ұйымдастыру әдістері жөніндегі ілім.

Методологияның негізгі міндеттері:

1) гносеологиялық міндет. Бұл міндет іске аса отырып, зерттеу объектісіне сол мезетте, дамудың сол кезеңіндегі өзіне тән зерттеу объектісін суреттеуге, зерттеудің сол объектісіне неге дәл осы процесстер мен құбылыстар тән екенін түсіндіруге, зерттеліп жатқан психологиялық объектіде қандай өзгерістер болуы мүмкін екенін болжап айтуға мүмкіндік береді;

2) методологияның праксеологиялық міндеттері психологтың қайта құру қызметі – оның мақсаттарын орнату, әдістерді, тәсілдерді, т.с.с.көлемді және конструктивті суреттеу, мақсатқа жету тәсілдерін қамтамасыз етеді;

3) аксеологиялық, бағалау міндеті жас маманға жаңа психолого-педагогикалық процесстер, жаңалықтарды жорамалдауға сүйене отырып, критерийлер мен бағалау жүйесін өңдеуге мүмкіндік береді.

4) рефлексивті функция маманмен, психолог-педагогпен жоғарыдағы үшеуімен қатар іске асады және психологиялық ғылымның даму қорытындысын талдауға және ұғынуға бағытталған, және, психологиялық немесе, психолого-педагогикалық зерттеу әдістерінің жүйесі жайлы ойлану жағын қамтиды;

5) нормативтік ұйғарым функциясы педагогикалық және психологиялық процесстер жүйесінде не болу керек екендігін және олар өздерінің дамуының нақты белгіленген уақыт ішінде қалай жұмыс істеу керектігін көрсетеді;

6) шығармашылық-эвристикалық функция теориялық психологияның методологиясы мен оның қолданбалы сферасының (практикалық психология) арасындағы өзара қатынаспен, өзара әсерімен, өзара келісушілікпен шектеледі. Бұл зерттеушіге тек бір тапсырманы ғана емес, қазіргі әлеуметтік-экономикалық қайта құру кезеңіндегі өзекті мәселелердің тұтас жиынтығын шешуге мүмкіндік береді.

Зерттеуші-психологтың әдіснамалық мәдениетінің жоғарғы деңгейі мына мәселелермен негізделеді:

- маманның тұрақтыазаматтық дүниетанымдық позициясымен;
- оның шығармашылық потенциялы мен бәсекеге қабілеттілігімен;
- ғылыми білімнің фәлсапа, әлеуметтану, педагогика, филология, кибернетика және т.с.с. аумақтарын жете білуімен. Бұл маманның нақты психологиялық проблемаларды шешуге көмектесетін жаңа ойлар мен әдістер жиынтығын кеңейтуге септігін тигізеді:

- оның интеллектілігімен, креативтігімен, қабылдауы мен ойлауының бистандарттығымен;

- оның өзін-өзі дамыту және өзін-өзі тәрбиелеу тенденцияларымен.

Психолог-маман өзінің зерттеу қызметінде бірқатар әдіснамалық принциптерге жүгіне алады. Бұл принциптер психоло-педагогикалық тәжірибелерді меңгеруге себеп болатын нәтижелі қорытынды алуға көмектеседі.

Методологиялық принциптердің ішінен мыналарды бөліп қарастыруға болады:

Принциптердің ішінде бірінші өзектісі – аксеологиялық. Бұл принцип теория мен тәжірибе арасында өзіндік көпір ретінде болып, қоршаған әлемге – қоғамға, табиғатқа, мәдениетке, өзіне деген қатынасы мен танымның абстрактілі-теориялық және тәжірибелік деңгейімен байланысы механизмінің рөлін атқарады.

Қазіргі уақыттағы нағыз өзекті тұлғаны сипаттайтын құндылықтар төмендегідей:

1) жеке өзінің және ұжымдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәжірибелік қорытындыларды, теориялық жұмыстарды қалыптастыруда психикалық тіршілік әрекетінің барлық түріндегі және барлық бағыттағы шығармашылығы;

2) махаббат жеке тұлғаның рухани, қайталанбас, бірегей деңгейдегі өзара қарым- қатынаста, көп қырлы байланыстарында болатын күйі, жағдайы.

Индивидтер мен ұжымдардың тәртіптілігі, яғни, олардың өздеріне жүктелген міндеттерді орындауда шыншылдық, ұяттылық, әділдік қасиеттері.

Еркіндік - құндылық ретінде басқа адамдардың немесе басқа ұжымның міндеттері мен құқықтарына қандай да бір мемлекеттің заңнамасымен бекітілген көлемде қысым жасамауға бағытталған жеке тұлғаның немесе ұжымның әрекеті.

Әлеуметтік-мәнді өзін-өзі тәрбиелеу адамның өзекті құндылықтары ретінде өзін-өзі тану, өздерінің психикалық процесстерінен және күйлерінен негативтік қасиеттер мен дағдыларды ығыстырып шығару; өзін-өзі шығармашылық дамыту, үздіксіз өз бетімен білім алу әрекеттерінен тұрады.

Адамның іс-әрекеттері - олардың материалдық және рухани құндылықтарды құруды тұрақты қажеттілік ету ретінде.

Біз рухани және материалдық игіліктерді өндірудің әр түрлі салаларында жұмыс істейтін ұжымдар мен жеке тұлғалардың нышаны ретінде өзекті құндылықтарды белгіледік. Білім беру саласына қатысты айтатын болсақ, аксиологиялық принципті мынадай құндылықтармен толықтыруға болады, олар: жаңа формациядағы жас ұрпақты дайындау жолында еңбек етіп жүрген психологтардың, педагогтардың, ғалымдардың еңбек ақысын дифференцияланған түрде төлеуді жетілдіру.

Келесі әдіснамалық принцип – зерттеушінің жоғарғы мәдениетін көрсететін мәдениеттілік принципі. Бұл мынадай мағынаны береді:

- таза психолого-педагогикалық білімділік, зерттеу заты (предмет) мен объектіні терең білу. Зерттеу кезінде байланысқа түсетін кез келген контингенттегі адамдарды түсіне және қабылдай білу;

- диалогиялық сөйлесу қабілетіне игеру, яғни, өзінің және басқаның эмоциясын тежеуге, сөйлесуге, сұрауға, тыңдауға, қарсы сөйлеуге, сендіруге үйрене отырып, соңында, өнегелік және құқықтық нормаларды бұзбай мақсатқа жету;

- психолого-педагогикалық ойлау қабілетін, оның тереңдігі мен бейімділігін қалыптастыру;

- үнемі өз бетімен жалпы және психолого-педагогикалық білімін жетілдіруге итермелейтін өзіне көңілінің нақты бітпеуі және сын көзімен қарауы;

- психолог және педагог ғалымдардың монографияларындағы және басқа да еңбектеріндегі аздаған дәл еместікті, қайшылықтарды, логикалық еместікті аңғара білу, өзінің интеллектісі мен эрудициясына сүйене отырып оларды уақытында түзету және коррекциялау;

- жеке қасиеттерінің қандай да бір кемшіліктерінен толық ажырау.

Жоғары мәдениетті психолог-зерттеуші терең түсіне отырып, өзінің психикалық тіршілік әрекетінде қалдыруға болатын ақауды жоқ шығар;

- зерттеушінің өзімен қарым-қатынаста болатын адамдарды өздерінің ойларын, пікірлерін, ұсыныстарын ерікті, ашық айтуға талаптандыру. Сөз тапқыштығының өзіндік ерекшелігі, сөйлеу бейнелілігі, тапқырлығы да психолог-зерттеушінің жоғары мәдениетінің көрсеткіштері.

Антропологиялық принцип. Адам жөніндегі ғылым жиынтығына қол жеткізу есебімен жүзеге асатын психологиялық зерттеуге сай келетін психологиялық методологияның келесі принципі. Аталған принциптің мынадай тәсілдері айқындалады:

1) жеке тұлғалық - тұтастық тәсілі. Бұған тән адам жөніндегі білімнің интеграциясы. Сондықтан өткен ғасырлардың ілімі мен қазіргі уақыттағы ғалымдардың жетістіктерін ұғыну қажет;

2) Рухани-бағытталған тәсіл адамның өзін-өзі кемелдендіру идеяларымен түсіндіріледі. Бұл бағытта А. Құнанбаев, Л.Н.Толстой, М.О.Әуезов және т.с. сияқты өткен ғасырдың ұлы ойшылдарының еңбектері үлкен орын алады;

3) Биолого-генетикалық тәсіл, зерттеуші-психологтың эксперименттік мәліметтер мен ғылыми тұжырымдарға сүйене отырып қалыптастырған адам эволюциясының шарттары, физиологиялық, биолого-генетикалық механизмі жөніндегі түсініктерінің тереңдігін білдіреді;

4) Этнопедагогикалық тәсіл ұлттық халықтық салт-дәстүрлерге, оның мәдениетіне, ұлттық-этникалық ырымдарға, әдеттерге сүйене отырып, жеке тұлғаны қалыптастыру процессін іске асыру және ұйымдастыруды ұйғарады. Ұлттық мәдениет бала өсетін және қалыптасатын, әртүрлі білім беру мекемелері қызмет атқаратын ортаға спецификалық бейнелілік береді.

Келесі принцип гуманистік принцип. Адам ең ұлы құндылық болып табылады, және зерттеу объектісі ретінде алына отырып, тек сол қалыпта ғана қарастырылу керек. Бөгде адамдардың, топтардың, ұжымдардың сол адам жайындағы ойлары зерттеу процессі мен қорытындысына әсер етпеуі керек. Адамның объективті бағасы – гуманизацияның қорытындысы болып табылады. Зерттелушіге қатысты гуманизацияның одан ары дамуы мыналардан тұрады:

- адамның тұлғалық қасиеттерін кемелдендіруде және дамытуда жағымды жағдайлар жасау, немесе, өткір жанжалдар, орналаспағандық,

алкогольдік препараттарды қолдану және т.б жағдайлар негізінде анықталған психикалық ауытқулардан реабилитациялау;

- адамды үнемі назарда ұстау. Оның ішкі жан дүниесінде болып жатқан өзгерістерді талдау және оны зерттеу процессіне қайта оралу;

- сыналушы мен қоршаған ортаның гармониялық қатынасын қалыптастыру және оны қамқорлыққа алу.

Синергетикалық принцип, методологиялық принциптер жүйесіндегі зерттеу процесінде жеке тұлғаны жүйе ретінде қабылдау және жеке тұлға-жүйе мүмкіндіктері адамдық қасиеттері белгілегендей бола алатын және өзі болғысы келетін өзіндік, спонтандық негізде, яғни, өзін-өзі оқыту, өзін-өзі шығармашылық дамыту, өзін-өзі басқару қасиеттерін қалыптастыру арқылы өзінің мақсаттарына жету дегенді білдіретін принцип. Бір сөзбен айтқанда, психологиялық зерттеуде синергетизм принципі мына үш ішкі жүйені болжайды:

- бұл өз бетімен оқуға, өз бетімен білім алуға айналатын оқыту;

- бұл өзін-өзі дамытуға айналатын даму ;

- бұл өзін-өзі тәрбиелеуге айналатын тәрбие.

Психологиялық методология жүйесінде психологиялық заңдылықтарды оқу үлкен орын алады. Олардың ішінде төмендегілерді бөліп қарастыруға болады:

1) биогенетикалық заңдылық. Бұл заңдылықты атақты жаратылыс тану ғылымын зерттеуші неміс ғалымы Ф.Мюллер мен Э.Геккель орнатты. Мына мағынаны білдіреді: баланың филогенез бен онтогенез арасындағы психикалық дамуына табиғи айналымды жүзеге асыру; баланың психикасында филогенездің психикалық процесі қысқа және жылдам түрде қайталанатын, яғни, бала психикасының онтогенезінде биологиялық дамудың және адамның тарихи-мәдени дамуының кезеңдерінің негізгі сатыларын суреттейді.

Материалистік психология көрсетілген заңдылықтарға жатады. Ол баланың психикалық дамуының нақты-тарихи мінездемелерді, бұл дамудың баланың үлкендермен, қоршаған ортамен өзара байланысу әдістері мен формаларына тәуелділігін ескермейді;

2) Стивенс заңдылығы. Бұл заңдылықты америкалық ғалым Стивенс орнатты. Қоздырғыштың белгілі бір деңгейдегі дене күші мен әсер алу күшін байланыстыратын формула болып табылады. Оны негіздеуге психофизиологиялық зерттеудің мәліметтері жұмылдырылады. Бірақ, әдетте, психофизикалық өлшем қорытындысы аса жоғарғы тұлғалық өзгерістерді анықтайды, ал бұл анықталған көрсетіштерді дәлелдеуді қиындатады, сондықтан, әдетте, психолог-зерттеушілер келесі қосымша заңдылықтарды пайдаланады;

3) Вебер-Фехнер заңдылығы. Бұл заңдылық әсер алу күшінің сол сенсорлық жүйемен анықталатын кейбір тұрақтының қатысуымен қоздырғыштың физикалық күшінен логарифмдік тәуелділігін белгілейді. Алайда, эмпирикалық зерттеу бұл тәуелділікті тек қоздырғыштың қабылдаған маңыздылығының орта бөлік диапазонына ғана растайды;

4) Йерксо-Додсон заңдылығы. Бұл заңдылықты американдық психологтар Р.Йеркс пен Д.Додсон ашты. Ол орындалып жатқан әрекеттің өнімділігінің (сапасының) мотивацияның қарқындылығына (деңгейіне) тәуелділігін орнатты. Ғалымдардың бекіткен бірінші заңдылықтары, мотивацияның қарқындылығы өскен сайын, әрекет сапасы да соған сәйкес колокол тәрізді қисық болып өзгереді: алғашқыда көтеріледі, содан соң, әрекеттегі сәттіліктің жоғарғы көрсеткіш нүктесіне көше отырып, біртіндеп төмендейді. Әрекеттің барынша үлкен нәтижелі болғандағы мотивация деңгейін авторлар мотивацияның (оптимум) ең жақсы жағдайлар жиынтығы деп атады.

Олардың екінші заңдылығы субъект үшін әрекет неғұрлым күрделі болған сайын, мотивация деңгейі солғұрлым төмендейтіні ол үшін үйлесімді деген қағидаға сендіреді.

Заңдылықтар мен принциптер жүйесінде оларға анағұрлым жақын ұғымдар бөлініп шығады, бұлар – зерттеудегі методологиялық тәсілдер. Кейбіреуін атап өтсек:

1) зерттеуде жүйелілік тәсіл органикалы біртұтас күрделі объектілерді зерттеуде қолданылады. Зерттеуші психолого-педагогикалық объектіні тәсілдің жүйелілік тұрғысында объектінің сыртқы және ішкі байланыстарына талдау жасап, ондағы орны мен функцияларын ескере отырып, оның барлық элементтерін қарастыру керек.

Психолого-педагогикалық проблемаларды шешуде, жүйелілік тәсілдерді шешу аумағында жүйе төмендегі ерекшеліктермен сипатталатынын білу керек:

- ең бірінші, жүйелілік қасиеттің ерекшелігін қамтитын біртұтастығымен, жүйелілік қасиеттің ерекшеліктерімен, жүйенің әр элементтерінің бір-біріне тәуелділігімен, және сонымен қатар, дамудың спонтанды негіздегі қабілеттілігін иеленген, әр компоненттің анықталған оғаштығымен;

- құрылымдылығымен. Ол жүйені құрылымдық ретінде байланыстар жиынтығын және оның элементтері арасындағы қатынасын ашу арқылы суреттеп айтады;

- жүйенің ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланыстығымен;

- иерархиялығымен. Ол объектіні мына үш аспектілер бойынша қарастыруға мүмкіндік береді: жүйенің дербестігі ретінде, жоғарғы деңгейлі жүйе ретінде, жүйе астылы ретінде;

- схемалар мен модельдерді қолдану арқылы бейнелеудің көптігімен.

1. Психолого-педагогикалық зерттеулердегі тарихи және логикалық бірлік позициясы тұрғысынан қарағанда, қалпы арқылы ыңғайлау, тәсілдеу (подход). Ол мыналардан тұрады: психолого-педагогикалық мәселені алға қойғанда және оны шешу кезінде зерттеуші-психолог сол мәселер бойынша психология тарихында және психолого-педагогикалық тәжірибеде не істелгенін байланыстырып, анықтау керек, бұрынғы психологиялық концепцияларды дамыту мен кемелдендіру мақсатында жасалған жұмыстарды логикалық деңгейде талдап шығу керек және жана негізде инновациялық теория мен психолого-педагогикалық технология құру керек.

2. Әрекетшілдік тұрғы дегеніміз, әрекет -жеке тұлғаның дамуындағы орталық фактор болып табылады, бәрінен бұрын, актуалды, бәсекестік қабілетті, зиялы деген мағынаны білдіреді. Әрекетшілдік тұрғы зерттеу объектісін қызмет жүйесі аясында, оның генезисін, дамуын қарастырады деп болжайды, себебі, әрекет – қоғамның бүтіндей және оның жеке өкілдерінің тіршілік ету және даму амалдары, зерттеушінің өзін қосқанда, әлеуметтік шындықты және табиғатты өзгертудегі жан-жақты процесс.

3. психолого-педагогикалық зерттеуде жеке тұлғалылық тәсіл жеке тұлға ретінде адамның шығармашылық, әлеуметтік мәні жайында түсінік қалыптастыру деген мағынаны білдіреді. Жеке тұлғаны тарихи-қоғамдық дамудың жемісі ретінде, және мәдениетті алып жүруші ретінде мойындау, ол жеке тұлғалықты адам натурасымен шатастыру деген емес, тіпті нәрсенің ішіндегі нәрсе де емес.

Жеке тұлғалық тұрғы педагогикалық процессті құрастыру және жүзеге асыру кезінде жеке тұлғаға мақсат ретінде, субъект, қорытынды және оның әсерлілігінің басты критериялары ретінде бейімделу деген мағынаны білдіреді. Ол жеке тұлғаның бірегейлігін, сыйлау құқығын, оның интеллектуалды және өнегелік бостандығын мойындауды талап етеді. Көрсетілген зерттеу әдісі аумағында жеке тұлға қалыптастыруда оның шығармашылық потенциалына және болашағын өздігімен дамытудың табиғи процессіне сүйенуге, соған сәйкес жағдайларды жасау ұсынылады.

4. Полисубъективті (диалогиялық) тұрғы жеке тұлғаның маңызы жеке тұлға қатысқан әрекет процессіне қарағанда анағұрлым жан-жақты және күрделірек екенін көрсетеді. Жеке тұлға өзінің “адами” мазмұнын басқалармен араласқанда, өзін-өзі диалогиялық айқындау процесінде, басқа адамдардың ойында диалогиялық қабылдану кезінде табады. Бұл тұрғыда, жеке тұлға қоршаған адамдармен араласудың қорытындысы және жемісі болып табылады. Сондықтан да жеке тұлғаны зерттеу процессінде әлеуметтік топта өзара қатынас пен өзара әрекетті қолдаушы ретінде қарастырған жөн. Диалогиялық тәсіл тұлғалықпен және әрекетшілдікпен бірлесе отырып, зерттеушіге субъектілердің психолого-педагогикалық бірлестігін құруға көмектеседі. Осының арқасында, “объектілі” әсер өзара даму және өзін-өзі дамыту шығармашылық процесстеріне орын береді.

5. Детерминикалық тұрғы психолого-педагогикалық проблемаларды зерттеу жүйесінде адамдардың әрекеттері себепті келісілген, факторлар жүйесімен, өмірлерінде болатын уақиғалармен шектелген және анықталған деген қағиданы зерттеушінің ескеруі деген мағынаны білдіреді. Детерминизм дегеніміз – психикалық құбылыстардың оларды тудырушы факторлардан заңды тәуелділігін айтады және ең алдымен, себептілік - мезгілі бойынша өз салдарының алдын ала жүретін және сол салдарды тудыратын әртүрлі жағдайлардың жиынтығы ретінде енгізіледі.

Алайда детерминизмнің басқа да формалары кездеседі. Бұлар:

- сиобемді детерминизм – жүйенің жеке компоненттерінің тұтастықтың глобалды қасиеттеріне тәуелділігі;

- кері байланыс детерминизмі, белгілі бір жағдайларда анықталған нәтижелер оның пайда болу себептеріне әсер етеді деген мағынаны білдіреді;
- статистикалық детерминизм - бірдей себептер, статистикалық заңдылықтарға бағынатын, белгілі бір шекарадағы әртүрлі эффектерге әкелуі мүмкін.

Детерминикалық тәсіл - адам өзінің заттық әрекетінде айқын дүниені өзгерте отырып, адам өзі де өзгереді. Әрекеттің арқасында материалдық рухани мәдениет қалыптасады және адамның маңызды күш-қуаты, оның көп қырлы рухани әлемі іске асады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Дәріс 3. Психологияның жаратылыстану-ғылыми негіздері

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Жүйке жүйесі туралы жалпы түсінік.
2. Бас миының құрлысы
3. Адамның жоғары психикалық функцияларының дамуы.

Адам әрекет-қылығы сәтті болуы үшін оның ішкі кейіпі мен ол өмір сүріп отырған сыртқы ортаның шарттары және қолданылатын практикалық әрекеттері бір-біріне сәйкес келіп отыруы қажет. Физиологиялық деңгейде бұлардың барлығының функцияларын біріктіруді қамтамасыз ететін орталық жүйке жүйесі.

Органикалық дүниенің ұзаққа созылған эволюциясында – қарапайым тіршілік иелерінен адамға дейін - әрекет-қылықтың физиологиялық механизмдері үздіксіз жетілуде болды. Мысалы қарапайым жәндіктер түйсік, қозғалыс, ас қорыту сияқты қарапайым қызметті орындай алады. Олардың мүмкіндіктері шектеулі. Ал жоғары дамыған жануарларда арнайы қызмет орындаушы тән мүшелері даралана бастады. Қарапайымдар сигналдарды қабылдау қызметін (рецептор. атқарса, екіншілері – бұлшық еттер мен әртүрлі без секрецияларын (эффектор. іске қосады.

Сонымен, қажеттілікке орай жеке мүшелер мен олардың қызметі жіктелгенімен, организмнің біртұтас тіршілігі мен тән мүшелерінің өзара байланысын **орталық жүйке жүйесі (центральная нервная система)** қамтамасыз етеді.

Ж.Ж. жалпы түзілімі барша омыртқалылада бірдей. Бұл жүйенің негізгі элементі – **жүйке жасушалар немесе нейрондар**. Нейрон жасуша тәнінен (дендрит – козу қабылдау. және өсінділерден (аксон – қозуды жеткізу. құралады. Аксонның дендритпен байланысы **синапс** деп аталады. Негізінен нейрондар орталық жүйке жүйесінде атқаратын ерекше арнаулы қызметтеріне қарай оларды үш типке бөлуге болады: **сенсорлы нейрон** – рецептордан о.ж.ж. жүйке импульстарын жеткізуші, **қозғаушы нейрон** – о.ж.ж. жүйке импульстарын қозғалыс мүшелеріне жеткізуші, **локальды байланыс нейроны** – жүйке импульстарын о.ж.ж. бір бөлімінен екіншісіне

жеткізуші. Осы нейрондардың тарамдала келіп, өзара түйінделіп бітетін жерін жүйке орталықтары дейді.

Ж.Ж. орталық және перифериялық (шеткі. бөлімдерден тұрады. О.Ж.Ж бас миы, аралық ми және арқа миынан тұрады. ЖЖ қалған бөліктері перифериялық бөлімге кіреді. Бұл шеткі жж миға сырттан келетін әсерлерді жеткізіп, сол әсерлерге мидың реакциясын жүзеге асырып отырады. Бұл жүйенің екі түрлі жүйкелік өткізгіш талшықтары бар: 1. сырқы тітіркендіргіштерден алынған қозу толқындарын ми және басқа орталық жж бөлімдеріне жеткізетін **афференттік** жүйке талшықтары. 2. ми және басқа да бөлімдердің импульстерін бұлшық етке, сезім мүшелеріне жеткізуші **эфференттік жүйке талшықтары**.

ЖЖ барша бөлімдері өзара тығыз байланыста. Бірақ олардың әрқайсысының ролі бірдей емес. Арқа миы мен мидың бағаналы бөлігі – сопақша ми, орта ми мен қосыла тұма рефлекстер орталығына бірігеді. Арқа миында ең қарапайым рефлекстер орталығы (тізе рефлексі. бар. Дене мен қол-аяқ бұлшық еттерін реттейтін , ішкі мүшелер жұмысын басқарушы рефлекторлық орталықтар да осы арқа миында. Жоғары психикалық функциялармен, атап айтқанда ойлау мен сананың қызметі бас миы қабығының қызметімен байланысты.

Бас миының құрлысы

Бас миы дистантты рецепторлық мүшелердің эволюциялық дамуының негізінде қалыптасқан ж.ж. өте күрделі бөлімі б.т. Ерекше рольді бас миында оң және сол жақ жартышарлар, сонымен қатар олардың негізгі тарамдары атқарады.

Ми бөліктері сан алуан жүйке қызметін орындайды. Олардың орналасу деңгейі жоғарлаған сайын, оның қызметі де күрделене түседі. Бәрінен төмен орналасқан арқа миы, оның қызметі - бұлшық ет топтары мен ішкі мүшелер қызметін реттеу. Оның үстінде мишықпен бірге сопақша ми орналасқан. Сопақша ми дененің қызметтерін орайластыра басқарады (дем алу, қан айналу, ас қорыту және т.б... Бұлардан жоғары орталық жүйке бөлігі – күрделі қозғалыстар мен бүкіл дене қалпын реттеуге қатысатын – орта ми орн-ды. Сопақша ми мен орта ми бас миының бағаналы бөлігін құрайды. О.Ж.Ж. ең жоғары бөліктері бас миының үлкен жартышарларына біріккен. үлкен жартышарлардың құрамына **қабық асты түйіндері** деп аталатын тереңдегі жүйке клеткаларының тұтас жиынтығы кіреді. Жартышарлардың үстіңгі бетінде жүйке жасушалар қабаты – **бас миы қабығы көмкерілген**. Бұл қабық қыртыс, сай, қатпар күйінде анықталады. К.Бродман ұсынған классификацияға байланысты, б.м.қ. 11 аймақ., 52 өріске бөлуге болады.

Неғұрлым дамыған өрістерінде жүйке клеткаларының 6-7 қабаттары орналасқан және қабат саны сол бөліктердің ескілігіне байланысты. Ескі қабық бір ғана қабаттан тұрады және қабық астынан толықтай бөлінген. Адамның бүкіл б.м.қ. 95,6 % көлемі жаңа қабықтан, ежелгі қабық – 0,6 %, ескі қабық – 2,6 % аумақты алып жатыр.

Үлкен ми сыңарларының бүкіл бет аймағын бірнеше көлемді бөліктерге жіктеуге болады. Бас миы сыңарларының сырқы бөлігі – желке аймақ (қара құс., ол алдыңғы таратпа төбе (еңбек. аймақтарына жалғасады. Алдыңғы, аумағы жағынан ми сыңарларының ең үлкен бөлігі – маңдай аймағы – адамда ғана жақсы дамыған. Осындай жіктеулерге сәйкес көру әсерлерінің анализі мен синтезі – желке аймағының жоғары бөлігінде (есту зонасы.; сезу және ет-сүйек аппараттарындағы тітіркенушілер – төбе (еңбек. аймағының алдыңғы бөлігінде орналасқан.

Күрделі психикалық процестердің мидағы ұйымдастырылуын жете түсіну үшін адам миы қызметі туралы қазіргі заманғы ғылыми деректерді білу қажет. А.Р.Лурия бойынша бас миы аппараттарының қызметімен байланысты келесі принциптерді білуіміз қажет.

Ақпаратты қабылдау мен өндеуді қамтамасыз етуші, өз әрекетінің бағдарламасын түзу, олардың өзара әрекеттес қызметте болуын бақылайтын адамның бас миы құрылымдары әрдайым бүтін бірлікте жұмыс атқарады. Бұл аппарат өте күрделі, сондықтан бұл жете дараланған бірнеше бөліктерден тұрады. Дегенмен, бір бөлігі зақымдалатын болса, бүкіл аппараттың қызметіне зақым тиеді.

Адам бас миында үш негізгі блок дараланады. Біріншісі – ақпарат қабылдап, өндеуге, сонымен бірге бағдар түзу процесі мен олардың іске асуын қадағалап, қажетті ми қабығының іс-қуатына жәрдем береді. Екінші блок – адамға сыртқы орта мен өз тәні мүшелерінен жететін ақпараттардың қабылдануы, өңделуі және сақталуына байланысты процестерді жүзеге асырады. Үшінші блок - әрекет жоспарын түзейді, оның орындалуын реттеп, іске асырады және табысты нәтижеге жетуін қамтамасыз етеді.

Адамның санлы іс-әрекетін қалыптастырушы осы үш блок бас миының оқшауланған бөліктерінде орналасып, өзара үйлесімді қызмет атқарады.

Бірінші блокқа сипаттама. Бұл блокты – ми қабығына қуат беру (тонус. блогі немесе энергетикалық блок деп те аталады. Түрлі процестердің өз деңгейінде орындалуы үшін ми қабығының қуатын қажетті дәрежеде тұрақты сақтау қажет. Тек тиісті қуатпен қамтамасыз етілген жағдайда ғана, одан тиісті ақпаратты тандап, қабылдау; олардың ізін жадыда қалдыру, нақты әрекет мазмұны мен бағытын қалыптастыру мүмкін болды, яғни қозу мүмкіншілігі жеткілікті болу қажет. 1-ші блок қуаты негізінен екі жағдайға тәуелді. 1-шісі, ми қабығының сергек қалпын сақтау үшін оған сыртқы орта ақпараты ізінүзбестен, легімен келіп жатуы қажет. Болмаса, жануар мүлги бастайды немесе адамның сергектігі төмендейді. 1-шісі, сонымен шеткі аймақтардан түсетін тұрақты тітіркендіргіштер. 2-шісі бұл ағзаның ішкі зат алмасу процестері мен биологиялық қуаттар негізін құрайтын – импульстер. Мысалы, қарын ашқанда, ол туралы хабар ми қабығына ретикулярлы формацияның (мидың белсенділік қуатын көтеруші нейрондар шоғы. көмегімен жеткізіледі. Осыдан организм жағдайының импульстері қабық қуатын төмендетпей, оның сергектігінің кепілі болады.

Екінші блок, сезім органдарының сырттан жеткізген сигналдарының анализі және синтезіне байланысты қызмет атқарып, адамға келіп түсетін

ақпаратты қабылдайды, өңдейді, сақтайды. Бұл блок аппараттарын талдағыштың (анализаторлар, орталық бөліктері деп те атауға болады).

Үшінші блок, оның құрамына үлкен ми сыңарларының алғы бөліктеріндегі маңдай аппараттары кіреді. Адамның саналы іс-әрекеті ақпаратты қабылдау мен өңдеуден басталып, тиісті іс жоспарын жасап, қажетті ниет қалыптастыру және түзілген іс-әрекеттік бағдарламаға сай сыртқы (қозғалыс., ішкі (ақыл-ой, қызметін орындаумен аяқталады).

Ми қабығы қуатының тұрақтылығын қолдаушы екінші көз – ағзаның **ішкі зат алмасу процестері** мен биологиялық қуаттар негізін құрайтын – **импульстер**. М-ы, аштықтан хабар беруші ағза қалпы жоғары баған мен гипоталамус аппараттарымен реттеледі. Ми қабығына ретикулярлы формацияның көмегімен жеткізілген осы ағза жағдайының импульстері қабық қуатын төмендетпей, оның сергектігінің кепілі болып табылады. Ми қабығында тіл, сөз араласуымен тек адамға ғана қатысты ең жоғары ниеттер мен қажеттерді тудырушы ақпараттарға орай туындайтын әрекет- қылық бағдарламасының қуатын сақтауда маңызға ие болатын үшінші көзі – бәсеңдеуші ретикуляциялық формация болып табылады.

Адамның жоғары психикалық функцияларының дамуы.

Даму дегеніміз – кез-келген құбылыстың сандық және сапалық өзгеруін көрсететін объективті процесс. Адамға қатысты дамудың келесі түрлерін көрсетуге болады: физикалық даму, физиологиялық даму, әлеуметтік даму, рухани даму, психикалық даму.

Психиканың даму мен қалыптасуын генетикалық психология, зоопсихология, және жас ерекшелі психологиясы зерттейді және бұл мәселеге елеулі жаңалықтарды XX-ғасырдың ортасында көптеп енгізілді. Бұл мәселені зерттеуге байланысты екі үлкен ағым қалыптасты: эволюцианистік және диалектикалық материалистік. Бірінші ағым – психиканы үздіксіз немесе бірізділікпен байланыстырады. Ал екінші ағым – психикалық дамуды зерттеудің бір аймағы деп қана емес, психологияның барлық мәселелерін зерттеудің әдісі және жалпы принципі ретінде қарастырды. Өйткені психиканың және барлық құбылыстардың заңдылықтары тек дамуда деп түсіндірді.

Адамның психикалық даму процесін дұрыс түсіну үшін, оның негізгі мазмұнын түсініп алу қажет. Яғни, психикалық даму дегеніміз, шындықты бейнелеудің танымдық және әрекеттік формаларының күрделенуі.

Кез-келген организм қоршаған ортаның бір бөлігі бола отырып, одан бөліне бастайды, бірақ сол ортамен байланыста болады. Сол сияқты психикалық даму процесінде де тұлға өзін шындықтан неғұрлым алып шыққанымен, соғұрлым онымен байланыста болады. Бейнелеудің неғұрлым жоғары формаларына ауыса отырып, мысалы, зат немесе құбылысты қабылдап, түйсінудегі сенсорлы талдаулардан ортаның байланыс қатынастарын ажыратушы оялауға ауысуында, тұлға шындықтың неғұрлым кеңірек сфераларына еніп, онымен байланысқа түседі. Психика дамуының сатылары – байланыс, бөліну сатылары б.т.

Адамның психикалық дамуының қарқынына адамзаттың қол жеткізген негізгі үш жетістігі өз әсерін тигізді. Олар:

1. еңбек құралдырын жасау;
2. материалдық және мәдени-рухани заттарын өндіру;
3. тілдің, сөздің қалыптасуы.

Психика мен әрекет-қылық дамуының негізгі этаптары:

Әрект-қылық дегенде қоршаған ортамен байланысты қамтамасыз ететін ұйымдасқан іс-әрекеті ұғымын жатқызуға болады.

Адамның санасының ішкі жоспары әрекет-қылықтан бөлек қарастырылса жануарларда психика мен әрекет-қылық бірге қарастырылады, сондықтан психиканы оқып-зерттеу, оның компоненті ретінде әрекет-қылықты да қарастыруға болады.

Негізінен түрлі әрект-қылыққа байланысты, индивидтің эволюциялық дамуында психологиялық табиғаты жағынан үш түрлі типтегі әрекет-қылықты ажыратуға болады:

1. инстинктивті әрект-қылық,
2. дағды,
3. интеллект.

Жануарлардың барлық әрекет-қылығы “инстинктивті” б.т. Бұлардың психика мен әрекет-қылық формаларының барлығы тіршілік етудің биологиялық формаларының негізінде қалыптасады. Яғни, бұл формалар саналы емес, биологиялық қажеттіліктен туындайтын “соқыр” әрект.

Инстинктивті әрект-қылық келесі ерекшеліктермен анықталады:

- Мотивтің спецификалық тәсілі;
- Орындаудың өзіндік ерекше спецификалық механизмі.

Сондықтан инстинктивті әрект-қылық өте күрделі процесс, ол орг. мотивациядан туындайды да, алғашқыда автоматталған реакциялар арқылы орындалады. Бұл әрект-қылықтың басқа формаларынан ерекшелене отырып, олармен тығыз байланыста. М-ы, балапанның шоқу әректі – туған бетте дайын тұрған инстинктивті механизм бола отырып, дағды, интеллектінің элементтері біртіндеп қосылады. Шоқу ол үшін инст. әрект, ол басында бидайды да, ұсақ тасты да, моншақты да бірдей шоқып көреді. Осы жерде онда қайсысы жеуге жарамды, қайсысы жарамсыз екендігі ас қорыту реакциясы арқылы ажыратады.

Дағды үйрену немесе жеке тәжірибенің негізінде туындаған, нәтижесінде автоматталынған әрект. Көптеген жәндік, жануарларда шарсыз тітіркендіргіштерді пайдалана отырып белгілі әрекеттерге дағдыландыруға болатындығы туралы көптеген эксперименттер жасалынды (Керен Иерекс, К.Т.Тернер. Дағды – тарихи ұғым. Дағды да түрлі даму сатыларына қарай өзгеріп отырады және дағдының табиғаты қабылдау табиғатына байланысты болады. Өйткені қабылдау негізінде дағды байланысатын сәйкес әрекеттер дифференциалданады.

Сонымен қатар, оқыту, үйрету процесінде дағды әрект-қылығының екі компоненттен тұратындығы анықталды (Э.Толмен.:

- Білім

- Білімді қолдану

Бұнда адамға тән қателесу, қолданып көру әдістері байқалады.

Адам психикасының генезисінің даму мәселесі бұдан әрі алдыға жылжуды талап етеді. Бұл неғұрлым жоғары форма – “интеллектуалды” әрекет-қылық..

Интеллектуалды әрекет әрқашан біртіндеп қолданылатын операциялар түріндегі автоматты да, стереотипті де компоненттерден тұрады. Бұл мәселе олардың күрделенуіне байланысты түрлі даму стадияларынан өтеді. Интеллектуалды әрекеттің дамуымен әрекет-қылықтың икемділігі арта түседі. Интеллектуалды әрекеттің негізіндегі “саналы” әрекет-қылық, бір жағынан белгілі ситуацияларға деген объективті қатынас ерекшелігімен және екінші жағынан , индивидтің тарихи дамуымен анықталады.

Адам интеллектісі қоршаған ортаны, шындықты танып білуге, әрекетін басқаруға бағытталады және сол шындықпен тікелей әсерлесу процесінде қалыптасады. Ол қоршаған ортаға деген қызығушылық деңгейі танымдық форманың өзіндік ерекшелігі ретінде қызмет атқарады. Интеллект дамуы , тек сандық өлшемнің өзгеруімен емес, оның сапалық өзгеруімен анықталады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Дәріс 4. Психикалық танымның процестері.

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Психикалық процестер
2. Танымды психикалық процестер

Түйсік. Түйсіктер дегеніміз дүниедегі заттар мен құбылыстардың біздің сезім мүшелерімізге әсер ету нәтижесінде пайда болып, сол заттар мен құбылыстардың жекелеген қасиеттерінің миымызда бейнеленуі.

Түйсіктер — бұл алғашқы психикалық таным үрдістерінің бірі, олар көп жағдайда затты қабылдаудың құрамына кіреді. Түйсіктердің пайда болуы үшін төмендегі жағдайлар қажет:

Біріншіден, қандай да болсын сезім органдарына әсер ететін зат немесе құбылыс қажет. Демек, заттың немесе құбылыстың сезім органдарына әсері сезімдік жүйкенің аяқталған тармақтарының тітіркендіргіштерінде негізінен аңғарылады, осы зат, құбылыс тітіркендіргіш деп аталады.

Екіншіден, түйсінуші құрал қажет. Бұл құрал 3 бөліктен тұрады:

- 1) сезім органдарынан (рецептордан);
- 2) өткізгіш жолдан, демек, сезгіштік жүйкенің сол бөліктерінің, ол арқылы қозу перифериялық аяқталған жүйкеден ми орталығына жеткізу;
- 3) бас ми қыртысындағы сәйкесті ортадан (жасушалар жүйесі), онда жүйкелік қозу психикалық құбылысқа — түйсінуге өтеді.

Жоғарыда көрсетілген үш бөлігі бар қабылдау аппаратын құрайды, оны И.П. Павлов **анализатор** деп атады. Егер де анализатордың көрсетілген бөліктерінің қандай да болмасын бірі бұзылса, түйсіктер жұмыс істемейді.

Түйсіктер әртүрлі болады. Түйсіктердің барлық түрі сезім мүшелеріне сәйкес бөлінеді, олардың көмегімен түйсіктерді көру, есту, иіс, дәм, тері, бұлшық ет, қозғалыс және органикалық түрлеріне бөлеміз.

Түйсіктердің органдары қайда орналасқанына және қайдан тітіркендіргішті алуға байланысты үш топқа бөлінеді: экстерорецепторлар, проприорецепторлар және интерорецепторлар.

Түйсіктер тітіркендіргіштердің қандайы болмасын сезім органдарына әрекет ету нәтижесінде пайда болады. Бірақ рецепторға тітіркендіргіштердің әрекетінің басталуы және түйсіктердің пайда болуы уақытпен абсолютті түрде сәйкес келмейді, тітіркендіргіштің әрекеті басталғаннан кейін тек қана біршама уақыт өткеннен соң түйсіну пайда болады. Бұл уақыт әртүрлі түйсінулерде 0,2-ден 0,1 секундқа дейін өзгеріп отырады. Осындай қысқа мерзімді біз көп жағдайда ескермейміз.

Қабылдау. Қабылдау дегеніміздүниедегі заттар мен құбылыстардың біздің сезім мүшелерімізге әсер ету нәтижесінде пайда болып, сол заттар мен құбылыстардың тұтас қасиеттерінің адам санасындағы бейнесі. Қабылдаудың құрамына әруақытта да түйсіктер кіреді, біз белгілі түсі, иісі, түрі, температурасы және т.б. қасиеттері бар заттарды қабылдаймыз. Біз сонымен қатар заттар мен құбылыстарды кеңістік пен уақытта қабылдаймыз.

Қабылдаудың түйсіктерден айырмашылығы ол күрделі психикалық үрдіс болып табылады. Бұл күрделілік ең алдымен әрбір қабылдауда бірнеше түйсіктер қатынасады. Қабылдау — заттар мен құбылыстардың тұтас қасиеті.

Түйсіктерге қарағанда қабылдаудың жүйке-физиологиялық амалдары өте күрделі. Қабылдаудың физиологиялық негізі біздің сезім органдарымызға әсер ететін заттар мен құбылыстардың жекелеген ғана емес, тұтас, жиынтық, кешенді қасиеттерді шақыратын бас ми қыртысының анализдік-синтездік қызметі болып табылады. Қабылдаудың жүйке-физиологиялық амалы заттардың жиынтық қасиеттерінің әсерімен іске асатын уақытша байланыстар жүйесін ұйымдастыру.

Сондықтан да әрбір қабылдау түйсіктердің жай ғана жиынтығы емес, сонымен қатар заттың тұтас бейнесі: қабылдау күрделілігімен және сонымен қатар тұтастығымен ерекшеленеді. Қабылдаудың тұтастығы сол қабылданатын заттардың тұтастығымен анықталады.

Әрбір қабылдаудың құрамына түйсіктермен бірге бұрынғы тәжірибе және қалыптасқан білім кіреді. Сонымен, қабылдау үрдісіне ес қызметі де қатысты. Қабылдауда қиял үрдісі ес үрдістері сияқты санамыз үшін еріксіз іске асады.

Қабылдаудың құрамына ойлау мен сөйлеудің қызметі кіреді. Ойлау мен сөйлесу ең алдымен қабылданатын заттың атынан байқалады.

Ойлау. Ойлау — қоршаған ортаны ми арқылы бейнелеудің жоғарғы түрі, тек ғана адамға тән ерекше күрделі танымдық психикалық үрдіс.

Заттардың көптеген қасиеттерін адамдар сезім органдарының, яғни, көру, есту, сипай сезу, дәм және басқа сезімдердің көмегімен танып біледі.

Сонымен, ойлау деп қоршаған дүниедегі заттар мен құбылыстарды жанама және жалпы сөздік түрде бейнелеу үрдісін айтады.

Ойлау таным үрдісінде ерекше рөл атқарады. Ойлау танымның шекарасын кеңіте түседі, түйсіктер мен қабылдаудың тәжірибесінің сыртқа шығуына мүмкіншілік береді.

Ойлау үрдісінің физиологиялық негізіне бас ми үлкен жартышарларының қыртысының күрделі анализдік-синтездік қызметі жатады.

Бас ми қыртысында сыртқы, ішкі тітіркендіргіштерді анализдеу және синтездеу нәтижесінде уақытша жүйкелік баланыстар немесе ассоциациялар ұйымдасады, олар ойлау үрдісінің физиологиялық негіздері болып табылады.

Ойлау үрдісінің негізіне екі түрлі уақытша жүйкелік байланыстар жатады: бірінші және екінші сигналдар жүйелері. Бірінші сигнал жүйесі тітіркендіргіштерінің әсерімен пайда болатын уақытша байланыстар тікелей біздің түйсінулерімізбен, қабылдауларымызбен және қоршаған дүние туралы елестетулерімізбен байланысты. Бірақ ойлау тек бірінші сигнал жүйесіне негізделіп қоймайды, сонымен қатар негізінен екінші сигнал жүйесінің уақытша байланыстарына негізделеді. Екінші сигналдық жүйкелік байланыстар сөздің көмегімен заттардың арасындағы қатынастар мен байланыстарды бейнелейді. Бірінші және екінші сигналдар жүйесінің өзара әрекетінде жетекші рөлді екінші сигнал жүйесі атқарады.

Адам ойлауы сөйлеумен бөлінбейтін байланыста. Ой тілден тыс, сөйлеуден тыс пайда болуы, өмір сүруі мүмкін емес. Біз сөзбен ойлаймыз, оларды дауыстап немесе іштей сөйлейміз, демек, ойлау сөйлеу түрінде іске асады.

Қиял. Қиял деп елестетулердің негізінде бұрын-совды қабылданылмаған заттар мен құбылыстардың жаңа бейнесін жасауын айтамыз.

Қиял - адамның өте бағалы психикалық үрдісі. Қиял тек адамға тән. Қиял еңбек үрдісінде пайда болды және дамыды. Қиялдың іс-әрекеті белгілі бір жағдайда қажеттіліктер арқылы пайда болады.

Тарихи жағынан қиял адамның еңбек іс-әрекетінде пайда болған ерекше қажеттілік негізінде дамиды. Атап айтқанда, қоршаған дүниені қайта өзгерту қажеттілігі, адамның араласуынсыз табиғаттан көп алу міндеті қойылды. Қоршаған дүниені қайта өзгерту үшін алдын ала талапты елестетіп алу керек. Болашақта қиял өртүрлі адамзат қажеттіліктерінің — өлеуметтік, танымдық, эстетикалық және т.б. дамуымен байланыста дамиды.

Қиялдың іс-әрекеті естің елестетулері негізінде іске асады. Бұл елестетулер қиял елестетулерінің жасалуына материал болып табылады. Қиял үрдістерінде бізде міндетті түрде болатын қажетті елестетулердің қайта жаңғыртылуы іске асады.

Бірақ қиялдың үрдісі тек елестетулерді қайта жаңғыртумен және оларды механикалық біріктірумен шектелмейді. Қиял үрдістерінде ес елестетулері қайта өңделеді, сонымен, қайта өңдеудің нәтижесінде жаңа елестетулер жасалады.

Қиялдың жүйкелік-физиологиялық негізі адам миында бұрын ұйымдасқан уақытша байланыстардың жандануы және бұл байланыстардың жаңа тіркестерге ауысуы деп білеміз.

Қиялдың іс-әрекетінің ерекшелігі естің елестетулерін талдау және жинақтау болып табылады. Сондықтан да қиял үрдісінде қайта жаңғыртумен бірге немесе одан кейін талдау үрдісі іске асады, демек, елестетулердің бөлінуі — елестетулердің жекелеген бөліктері мен элементтерінің бөлшектелуі.

Қиялдың жинақтаушылық іс-әрекетінің қарапайым түрі агглютинация болып табылады. Агглютинация деп бірнеше заттардың жекелеген элементтері немесе бөлімдерінің бір тұтасбейнеге ұласуы мен бірігуін айтады.

Қиял өзіндік дәрежесіне және оның нәтижесінің ерекшелігіне қарай екі түрге бөлінеді: қайта жасау қиялы және шығармашылық қиялы.

Ес туралы жалпы түсінік. Адам психикасының жоғары деңгейде дамығандығының арқасында көптеген нәрселерді орындай жасай алады. Біздің қоршаған ортадан алған әсерлеріміз есімізде белгілі із қалдырады. Ол іздер жеткілікті ұзақ уақытқа сақталады, және қажет жағдайда қайта жаңғыртылады. Сонымен бұрын қабылданған түрлі әсерлерді бейнелерді, көңіл-күйлерді әрекеттерді және білімдерді есте қалдыруды, есте сақтауды қажет кезінде қайта жаңғыртуды немесе ұмытуды ес деп атаймыз.

Есте сақтау – дегеніміз есте сақтайтын нәрсені бұрынан белгілі нәрсемен байланыстыру, яғни ассоциация мынандай түрлерге бөлінеді. **Ассоциация: қарапайым күрделі, аралас, ұқсас, қарама-қарсылық.**

1) Іргелестік ассоциациясы бойынша бір зат жөніндегі елес өзімен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады.

2) Ұқсастық ассоциациясынан нәрсенің, көріністің бейнелері өздеріне ұқсас бейнелерді образдарды еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандайда болса да ұқсастығы бар екінші затты елестетеді.

3) Қарама-қарсылық ассоциациясында бір зат туралы елес оған қарама-қарсы екінші затты немесе құбылысты еске түсіреді.

Ес – дегеніміз адамның бұрын қабылдаған нәрселер мен құбылыс бейнелерінің, көңіл-күйлерінің ойда сақталып, қажет кезінде қайта жаңғыруын айтамыз. Ес күрделі процесс.

Бейнелі-көрнекілік ес заттар мен құбылыстардың қасиеттерін, нақты бейнесін ойда қалдырып, қайта жаңғыртуда айқын көрініс береді. Естің бұл түрі арқылы табиғат көрінісі, бастан кешкен оқиғалар, дыбыс, иіс, дәм саңғыртылады.

Қимыл-қозғалыс есі дегеніміз — ойын, спорт, еңбек, оқу әрекеттеріне байланысты әр түрлі қимыл-қозғалыстар мен әрекеттерді есте қалдырып, оларды қайта жаңғыртып отыру. Мысалы, коньки тебу, машинада жазу, өлең-сөздерді жаттау, қой қырку т. б. Естің бұл түрі қозғалыс дағдыларын қалыптастырудың негізі болып табылады.

Эмоциялық ес бойынша адам басынан кешіргендерін еске түсіргенде, бозарады, не қызарады.

Кейде **әйдетикалық есі** бар адамдар да кездеседі. Мұндай адамдар заттар мен құбылыстарды көз алдына нақты елестетіп, олардың жеке

қасиеттері мен бөлшектерін айқын ажырата алады. Олардың сезім мүшелері сыртқы тітіркендіргіштерге күшті қозудың нәтижесі болып саналады.

Сөздік-мағыналық (логикалық) ес біздегі ой, ұғым, пікір, ой қорытындылары сияқты түрлі формалар арқылы із қалдырып отырады.

Ерікті және еріксіз естер. Естерді ерікті және еріксіз деп бөлу орындалуға тиісті әрекеттердің маңыздылығы мен қажеттілігіне байланысты. Белгілі мақсат қоймай-ақ, арнайы есте қалдырмай-ақ есте сақтау мен жаңғырту, еске түсіру еріксіз ес деп аталады. Егер мақсат қоятын болсақ, онда бұл ерікті ес болады. Мұнда есте қалдыру мен жаңғырту, еске түсіру, жаттап алу үшін мнемоникалық амалдар қолданылады.

Қысқа мерзімді және түпкілікті ес. Оперативтік ес. Қажетті материалдар мен нәрселерді есте сақтау үшін адам тиісті әдіс-тәсілдер қолданып, оны қалай да жадында қалдыруды мақсат етеді. Бұл сол әсер еткен нәрселер ізінің консолидациясы немесе мағлұматтардың есте берік қалуы деп аталады.

Көркем әдебиет пен ауызекі тілде қысқа мерзімді ес «алғашқы ес», «шапшаң көрініс» деп айтыла береді. Дегенмен, психология ғылымында ол **оперативтік ес** (түрлі амал-тәсілдер есі) деген атпен белгілі.

Ес өте күрделі жан қуаты болғандықтан, оның өз ішінде отау тіккен бөліктері бар. Бұларды есте қалдыру, қайта жаңғырту, тану, ұмыту және сақтау деп бөлуге болады.

Ес процестері: қайта жаңғырту, ұмыту, есте сақтау, тану.

Есте сақтау- алынған әсерлерді есте ұстауға бағытталған, есте ұстаудың алғы шарттары болып табылатын процесс.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Дәріс 5. Жеке адам психологиясы.

Дәріс – 1 сағат

Дәрістің жоспары:

1. Жеке адам психологиясы
2. «Адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына сипаттама.
3. Адамның негізгі түрткілері мен құрылымы.

«Адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына сипаттама.

Адамды көптеген ғылымдар қарастырады: философия, әлеуметтану, этика, эстетика, педагогика, психология және т.т. әрбір ғылымның өзінің адамды зерттеу пәндері бар. Адамға әлеуметтік-психологиялық талдау жасау үшін: «адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына қатысты нақты түсінік шегін белгілеуіміз керек.

Адам-жоғарғы психикалық қызметті арқасында меңгеру, жасау, өзгерту қабілетіне ие саналы биоәлеуметтік тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи дамудың жемісі әрі сол қоғамдық өмір жемісі болып табылатын сананы таратушы. Өзіндік сана-сезімі адам сана дамуының филогенездік, онтогенездік

дамуының шыңы. Адамда: биологиялық, психологиялық, педагогикалық, әлеуметтік сияқты құрылымдары бар. Ол құрылымдармен адам болмысы өлшенеді және олар бір-бірімен өзара байланысты. Олар: адамның жеке басына тән қайталанбас ерекшеліктерінің болатыны; адам бойындағы кісілік (тұлғалық) қасиеттердің болатыны. Ол аға ұрпақ жасаған мәдениетті меңгеруде қалыптасады. Егер адам жас кезінде қоғамнан тыс қалса, онда оның санасы, тілі, ойлауы, және вертикалда аяқ алысып болмайды. Адам әр түрлі еңбек және түрлі формадағы қоғамдық іс-әрекетке қатысу арқылы адамзатта қалыптасқан қасиеттерді ол өзінде өзіне тән адамдық қабілетерді дамытады. Адам түсінігі көп жоспарлы. Адам қоғамда өмір сүреді. Ал адам бос өмір сүруі ешбір мүмкін емес. Оның тәні де жаны да айналасындағылармен қарым қатынас жасау үстінде тек әлеуметтік әсер жағдайында ғана кісілік мәнге ие болады. Адамның санасының дамып, өсуі тікелей өзінің өмір сүріп отырған ортасына байланысты. Сондықтан *адам психологиясын дұрыс ұғыну үшін*: әлеуметтік жағдайын білу керек; оның қандай ортаның өкілі екенін айыру; оның көзқарасы мен наным-сенімін бағыт-бағдарын білімі мен тәжірибесіне икем биімділігін анықтау керек. Міне, тек осы айтылғандардан кейін ғана, нақты мәліметтерден соң сол адам туралы пікір білдіруге мүмкіндік туады. Психология адамның даралық сипаттарын қарастырып, оның кісілік қасиеттерін өрістетуді мақсат тұтады.

Индивид (жеке адам)-тұқым қуалаушылық қасиеттердің жалпы генотипін тасымалдаушы, биоәлеуметтік тіршілік иесі. Адам дүниеге келгенде индивид болып туылады. Ол қоғамдық қатынастардың объектісі, әрі субъектісі. Қатынастар ықпалын сезіну мен бірге қатысушы, әрі оны терең бойлаушы. З.Фрейд ілімі бойынша, үнемі қоғам ішінде болып оның ықпалын сезінуші, әрі оған қарсы тұрушы биологиялық тұйық жан.

Тұлға-адамның қоғамдық санасы мен мінез-құлқты, адамзаттың қоғамдық-тарихи тәжірибесін меңгеруде қалыптасқан адамның әлеуметтік-психологиялық мәні. Тұлға қоғамдық қатынасты объектісі мен жемісі ғана емес, сонымен бірге іс-әрекет, қатынас, сана, өзіндік сананың белсенді субъектісі. Тұлға болып туылмайды, ол әлеуметтік, мәдени даму нәтижесінде туындайды. Тұлға мақсатқа талпынушы ғана емес, сонымен бірге өзін-өзі ұйымдастыратын жүйе. Оның зейіні мен іс-әрекетінің объектісі: сыртқы орта мен өзінің «Мендік» сезім болады. Осыған байланысты өзін -өзі реттеу, өзін-өзі ұстай білу, қабілеті мен қасиет көрсетеді. **Тұлға болу дегеніміз**-белсенді түрде өмірлік позициясы бар және ішкі қажеттілікке байланысты таңдау жасай білу, келген шешімінің зардабын бағалау және өзі қоғамның алдында жауап беру, үнемі өзін-өзі және өзгелерді құруға түрлі әдіс, тәсілдерді меңгеріп өз мінез құлқын реттеуші.

Тұлғалық қасиеттер үш дәрежеде болады:

1. Әрбір адам ең алдымен адамзат қауымының мүшесі ретінде шыққан нәсілінен, ұлтынан, туысынан, туған жерінен тәуелсіз есті адамның барлық өкілдеріне ортақ жалпы қасиеттерді иелену. Олардың қатарына: қуану, қайыру, болжамдық, елді сүю, арамдық –зұлымдарға, әділетсіздіктерге, әділеттікке және т.б. көптеген рухани-психологиялық қасиеттер жатды.

2. Әр адамның физикалық ерекшеліктерінен жоғары жүйке жүйесінің қызметінен туындайтын және тек өз басына тән психологиялық өзгешеліктер. Бұлар, оның мінез-құлықында, сезім көрінісінде, темпераментінде, қимыл мен жүріс тұрысында, сөйлеу ерекшелігінде, сыртқы әсерлерге қайтаратын жауаптарында, басқа адамдармен қарым-қатынысында т.б. тіршілік әрекеттерінде байқалады. Осы қайталанбайтын ерекшеліктерінің арқасында әр адамның басқаларға ұқсамайтын өзіндік қырлары туады. Бұл қырларының негізгі физиологиялық ерекшеліктерінде жатқанмен оған әрине өмір сүру ортасының да қатысы бар.

3. Адам белгілі бір елде, рухани дәстүрде белгілі дәрежеде жеткен материалдық және рухани мәдениет жемістерін сусындап өседі. Сол дәуірдің тарихи ортаның жемісі осының бәрі адамның жан-дүниесінде өзінің ізін қалдырады.

Тұлғаны анықтайтындар қатарыны: нені және қалай білетіндігі, нені және оны қалай бағатыны, нені және оны қалай жандандырады, кіммен және қалай қатынас жасайтыны, оның көркемдік қажеттілігі жән оны қалай қанағаттандыратындығына байланысты.

Ең негізгісі өзінің әрекетіне, шешіміне, тағдырына деген жауапкершілігіне сай өлшемі тұлғаны толық көрсетеді.

Даралық - түрлі тәжірибе, білім, пікір, сенім, мінез-құлық, темпераменттермен көрініс береді. Даралық негізгі параметрлері: себеп, темперамент, қабілет, мінез.

Эмоциялық, белсенділік темпераменттің екінші функциясы. Белсенділік пен өзін-өзі реттеу қабілетінің сипаттамасы. Даралықта-тұлға мен организм бірлікте қарастырылады.

Адамның негізгі түрткілері мен құрылымы.

Адамның белсенділігі, іс-әрекеті ғылыми материалистік тұрғыда қарастыруында белсенділік әрекеттердің адамның қажеттіліктерін қанағаттанумен ұштасады.

Тұлға белсенділігі-адамның материалдық және рухани мәдениеті меңгеруде қоғамдық мәнге ие болған бағдарлы шығармашылығында, еріктік актілерде, қарым-қатынастағы қабілеті. Тұлға белсенділігі адамның белсенді өмір позициясы арқылы идеалық принципшілдігі, реттілігі, көзқарасы, сөзбен іс бірлігінде көрінісін айтамыз.

Қажеттілік – ол адам белсенділігінің негізгі себебімен іс -әрекетке итермелеуші күш. Қажеттілік қоғамдық тәлім-тәрбие ықпалында қалыптасып, адамның материалдық, рухани қоғамдық мұқтаждықтарын қанағаттандырады. Мұндай қанағаттандыру қоғамдық даралық сипатқа ие болады.

Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әр түрлі өзгеріске түсіп отырады. Осыған байланысты, мақсатқа жету үшін түрткілер де өзгеріп отырады. Жеке адамды қандай болмасын белгілі бір әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы күш-қажеттіліктер. Қажеттіліктерде тоқталып өттік.

Қажеттілік тетік белгісіне қарай: табиғи және рухани-мәдениет болып бөлінеді. Ал, сол заттарды ұстап тұтынуына қарай: **материалдық, рухани қажеттіліктер** болып бөлінеді.

Рухани қажеттіліктер түрлі рухани құлдылықтарды пайдалану арқылы жүзеге асырады. Адамның айналасындағы қоршаған дүние үнемі өзгеріп отырыруымен адамның түрлі ерекшеліктері дамып, өзгеріп отырады. Ол өмір сүру процесінің барысында және оқу-тәрбие процесінде шешуші роль атқарады.

Табиғи қажеттілік тән мұқтаждығын қанағаттандыруға бағытталады.

Жеке адамның өмір бағытын көрсететін құрамдас бөлімдері (компонентер) көп. Соның бастылары: қажеттер, мотивтер, қызығулар, бейімділік пен дүние таным мен сенім, мұрат пен талғам.

Себептер-қазақша түрткі немесе себептер дейміз. Бұл қажеттілікті өтеуге талпындыраты түрткілер болады. Қандай болмасын объектінің себебін білмей тұрып, адамның бір мақсатқа жетем деген немесе оның мінез-құлқының мән-жайын толық түсіну қиын болады.

Қызығулар-адамның шындықтағы заттар мен құбылыстарды белсенділікпен танып, сол қажеттіліктерді сезіп, соны білуге, түсінуге деген жан еліктіріп, сезім тартқан нәрсенің бәрі қызығудың объектісі болып табылады. Қызығудың физиологиялық негізі-«Бұл не?» дейтін рефлекс. Адамда сан алуан қызығулар болуы мүмкін. *Қызығулар мазмұны мен бағытына қарай:* материалдық, қоғамдық, саяси, кәсіптік, эстетикалық, оқырмандық, спорттық, танымдық. т.б. болып келеді.

Ал адамда қызығулардың болмауы немесе оның көмескі болуы оның өмірін мазмұнсыз етеді. Қызығудың мазмұнды, әрі ауқымының кең болуы-оның басты ерекшеліктерінің бірі. Мұнсыз аданың рухани өмір дамымайды. Қызығу пәрменді белсенді болу үшін баланың тікелей әрекеттерімен айналысу қажет.

Жеке адам психологиясының неге бағытталғанын көрсететін негізгі компоненттердің бірі-адам дүние танымы мен сенімі.

Дүниетаным-адамның табиғат, қоғамдық өмірі туралы білімдерінің жүйесі. Ақиқат дүние заңдарын дұрыс түсінетін, әрі ғылыми негізделген дүниетаным ғана адамға дұрыс бағыт береді. Кісі еңбегін қанаттын адамдардың дүниетанымы мейлінше реакцияшыл болады. Өзімшілдік, адамға деген өшпенділік, шындықты бұрмалау-пессимистік (кертартпа) дүниетаным белгісі. Адамның алдына қойған мақсатының болуы, дүниетанымның өміріне байланыстылығы сенімдік тудырады.

Сенім-адамның белгілі бір түсініктеріне сәйкес қажеттіліктерін қанағаттандыру жүйесі. Сенім нақты іс-әрекет пен тәжірибеге байланысты. Сенім мен дүниетаным қатарласып жүрсе ғана адам санасы нұрлана түседі. Өйткені бұл екеуі құстың қосқанатындай, адамның ең асыл қасиеті болып табылады. Берім сенім жоқ жерде тыңғылықты дүниетаным да, тұрақты мінез-құлықта болмайды. Сенім қалыптаспаған адамның шындықтың жай – жапсарын дұрыстап айыруға, өмірден өз орнын дұрыс тандай алуына да шамасы жете бермейді. Оны өмір толқыны біресе онда, біресе мұнда

соқтырады да мінез-құлықты көлденеңнен кез-келген кездейсоқ жағдайлар билеп келіп отырады. Сенім жоғалған жерде тіршіліктің мәні де жойылады.

Сенім-тұлға өзінің құндылық бағдарлылығына байланысты саналы қажеттілігін жүзеге асырудағы әрекетіне лайықтануы. Қажеттілік мазмұны сенім формасында көрінеді, соған орай табиғатты және қоғамда түсінуде белгілі бір көрінісін береді. Сенім-тәжірибелік әрекет. Сенім арқылы коммуникативтік әдіс арқылы өзге адамдардың санасының қалыптасуына ықпал жасалынады. Сенім әдісінің негізінде-тұтас функционалдық міндетке байланысты таңдау, фактіні логикалық жүйелеу мен қортындылау құралады.

Мұрат- жеке адамның психикасын нұрландыратын қасиеттердің бірі. Бұл-адамның өзіне өмірден өнеге іздеуі, біреуді артық тұтып, қастерлеуі. Адам осыған жету үшін қолдан келгеннің бәрін пайдаланады. Мұрат дүние танымы, сенімі айқын, сөз бен істің байланысы бар жерге ғана болады.

Талғам-бұл да жеке адамның психологиясында елеулі орын алатын қасиет. Бұл жоғарыда аталған барлық компонент түрімен байланысып жатады. Талғам адамның білімі, тәрбиесі, ортасы, тәжірибесі елеулі әсер етеді. Дұрыс талғам жүйесі жақсы тәрбие жемісі.

Бағыт-бағдар-адамның жеке арманы, құмарлығы әрекеті оның даралық қасиетіне тән психологиялық ерекшелігі. Адамды тану үшін оның қоғам мүшесі ретінде қандай істерді тындыра алатындығымен танысу керек. Кемшіліктегі мақсатына жету үшін ықыласты, ынталы болу, оған ұмтылу жеке-адамның бағыт-бағдарын білдіреді.

Тұлға бағыттылығы - ол тұлғаның іс-әрекетті орындаудағы бағдарлығында, қандай да бір ситуациялық жағдайда болуына қарамастан көрінетін тұрақты себептер жиынтығы тұлға бағыттылығы көрінетін тұстары.

Адамның бағдары, ынта-жігері, мақсат-мүддесі гуманистік қоғам мүддесімен үйлеседі. Адамның кісілік қасиетін түсінуде «ол нені қалайды» деген жеткіліксіз. Өйткені адамы ниет тілегі мен ынтасын үнемі өзгеріп, дамып күрделіленіп отырады.

Адамның азаматтық бағыт-бағдарының сапалар ерекшеліктер:

1. Бағыт деңгейінің адамның әлеуметтік өмір талабына сәйкестенуі;

2. бағыт – бағдар деңгейінің қоғамдық талаптарға орай адамын мұраты мен ұштасады.

3. бағыт-бағдарының кеңдігі. Тек –ұйқы қандыру, тамақ ішу, әдемі киіну-бұл бағыт тарлығын, өрсіздігін көрсетеді. Ал, кеңдік-адамның әр алуан қызығы мен ынтасына және оның әр тарапты дамуына байланысты. Мұндай қасиетер тоғышарлықтан сақтандырады.

4. Бағыт-бағдарлық қарқындылығы. Бұл баланың сезімі мен эмоциясының айқындығын білдіреді. Әр нәрсеге дел қою, белсенді әрекет етіп, іске жігермен кірісу.

5. Бағыт –бағдардың тұрақтылығы. Бұл ұзақ уақытша созылатын процесс. Бір нәрсені біліп, үйренуге қызу кірісіп, аяқтамай тастап кету жиі кездеседі. Бұл- бағыттың тұрақсыздығы. Ал, тұрақтылық, іс-нәтижесіне дейін алып бару, адамды игі мақсатқа жеткізеді.

6. Бағыт- бағдардағы ақушының әрекеттілігі оның бағыт-бағдарындағы шешуші кезең. Мысалы бір нәрсені таңдауы (мамандық).

Жеке адам санасы мен ақылы арқылы дараланады. Оның дыбыстық тілі мен еңбектену әрекеті бір-бірімен қарым-қатынасты қарастырылады. Жеке адам-дүниетаным қабілеті бар, сыртқы ортаның әсерін бастан кешіретін оларға төзімділік көрсететін, табиғатты өзгеруге ықпал ете алатын жан.

Жеке адамның психологиялық құрылымы мен ерекшеліктері 4 түрлі жағынан қарастырылады.

1. Жеке адамның әлеуметтік өміріне қатысты ерекшеліктері: қызығу, ұмыту, мұрат, дүние танымдық көзқарасы, сенімі. Бұл жеке адамның адамгершілік қасиетін білдіретін сипат.

2. Адамның білімдарлығы, дағдысы, бейімділігі. Бұл сипаттар адамның даралық қасиетін, өзіндікдаму деңгейін тәлім-тәрбие негізінде қалыптасқан тәжірибесін көрсетеді.

3. Жеке адамның дара психикалық процестердің тиянақтылығы мен өзіндік ерекшеліктері. Ондай қысиеттерге зейін мен ойлау, қабылдау мен ес, сезім—кірлері мен ерік адам психикасындағы басқа да құбылмалы өзгерістер жатады.

4. Жеке адамның биологиялық тума қасиеттері-нышан, жоғары жүйке қызметі жатады. Бұлар адамның темпераменті мен жас ерекшеліктеріне және белгісіне сәйкес көрініс береді. Мұндай қасиеттер мақшықтану, жаттығулар арқылы қалыптасады.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Семинар (тәжірибелік) сабақтардың жоспары

Тақырып 1.Психология пәні, міндеттері және ерекшелері

Семинар сабақтың жоспары (2 сағат):

1. Психологияның пәні және мақсаты.
2. Психологияның құрылымы және тәсілдері.
3. Психологиялық - педагогикалық құбылыстың және заңдылықтардың ғылыми түсініктеме.

Тәжірибелік сабақтың жоспары (2 сағат):

1 тапсырма: Тесттермен жұмыс істеу

2 тапсырма: Рефераттарды қорғау

Рефераттар тақырыбы:

1. «Психологияның даму тарихы»;
2. «Психологиядағы түрлі мектептері мен бағыттары».

Дайындалған рефераттарды қорғау

3 тапсырма:

1. Психологияның мән -мағынасы

2. Психология зерттеуіндегі ерекше құбылыстар ауқымы

3. Ғылымдық деңгейге дейінгі жай психологиялық пайымдалулардың жинақталу көзі

4. Психологияның пәндік аймағының кемелденуімен орайлас бірінші кезеңдері

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: тақырып бойынша тесттерге жауап беру, рефераттарды қорғау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1,2,4,8,9,13,19.

Қосымша әдебиеттер: 34,35,37

Тақырып 2. Психологияның теориялық-методологиялық негіздері Семинар сабақтың жоспары (2 сағат)

1. Психологияның теориялық-методологиялық негіздері.

2. Психологиялық методология жүйесінде психологиялық заңдылықтар

Тәжірибелік сабақтың жоспары (3 сағат):

1 тапсырма: ғаламтор және берілген әдебиеттерді қолданып келесі сұрақтарға жауап табу:

1. Психологиялық методологияның дамуына жаратылыстану ғылымдарының әсері.

2. Жалпы психологияның дамуы және оның методологиялық негіздері.

3. Жас ерекшелік психологиясы теориясының дамуы.

4. Педагогикалық психологияның методологиясы. Оның қазіргі жағдайы және даму перспективасы.

5. Психологияда жеке тұлғаның даму теориясы және оның методологиялық негіздері.

6. Педагогикалық процессті басқару теориясы және оның методологиялық негіздері.

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: тақырып бойынша сұрақтарға жауап беру.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер:1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Тақырып 3. Психологияның жаратылыстану-ғылыми негіздері Семинар сабақтың жоспары (2 сағат)

1. Жүйке жүйесі туралы жалпы түсінік.

2. Бас миының құрлысы

3. Адамның жоғары психикалық функцияларының дамуы. Ес жөнінде түсінік.

Тәжірибелік сабақтың жоспары (3 сағат):

1 тапсырма: Тесттермен жұмыс істеу

2 тапсырма: Рефераттарды қорғау:

1. Адамның жоғары жүйке әрекетінің ерекшеліктері.

2. Шартты рефлексдердің жасалуы

3. Шартты рефлексдерді зерттеу әдістемесі және жасалу механизмі

4. Шартты рефлексдердің түрлері

5. Шартты рефлексстің тежелуі
6. Организмнің әрекеттік қалпы

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: тақырып бойынша тесттерге жауап беру, рефераттарды қорғау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Тақырып 4. Психикалық танымның процестері.

Семинар сабақтың жоспары (2 сағат)

1. Психикалық процестер
2. Танымды психикалық процестер

Тәжірибелік сабақтың жоспары (3сағат):

1 тапсырма: Рефераттарды қорғау:

1. Есті зерттеудің ассоциативті бағыты.
2. Г.Эббингауздың ұмыту қисығы
3. Психологияда естің психологиялық табиғатын зерттеудегі іс-әрекетінің бағыты.
 1. Абстрактылы ойлаудың негізгі формалары: түсінік (категория, түсінікті анықтау), пікір, ақылмен қорытындылау.
 2. Ойлаудың әдістері: дедукция, индукция және аналогия және оларға сәйкес ақылмен қорытындылаулар.
 3. Ойлаудың онтогенезде дамуы, стадиялары мен жас кезеңділігі, жіктеу, Ж.Пиаже, Л.С. Выгодский, П.Я. Гальперин және т.б.

2 тапсырма:

1. Қабылдау дегеніміз қандай таным үрдісі? Анықтамасын беріңіз.
2. Қабылдаудың түйсіктерден айырмашылығы неде? Нақты мысалдармен түсіндіріңіз.
3. Қабылдаудың негізгі түрлерін атаңыз. Әрқайсысына сипаттама беріңіз.
4. Қабылдаудың негізгі ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
5. Қабылдаудың тұрақтылығы (константтылығы) дегеніміз не? Сипаттама беріңіз.
6. Қабылдаудың таңдамалығын қалай түсінесіз? Мысалдар келтіріңіз.
7. Апперцепция дегеніміз не? Нақты мысалдарын түсіндіріңіз

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: тақырып бойынша рефераттарды қорғау, конспектілеу

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Тақырып 5. Жеке адам психологиясы.

Семинар сабақтың жоспары (2 сағат):

1. Жеке адам психологиясы
2. «Адам», «индивид», «тұлға», «даралық» ұғымдарына сипаттама.
3. Адамның негізгі түрткілері мен құрылымы. Қиял жөнінде түсінік

Тәжірибелік сабақтың жоспары (3 сағат):

1 тапсырма: Тест сұрақтарына жазбаша жауап беру

2 тапсырма: берілген сұрақтарға жауап дайындау

1. Жеке адам қасиеттерінің тұрақтылығы және оның белсенділігі
2. Жеке адамды зерттеудің мақсат-міндеттері және оның қоғамдық мәні
3. Адамның қажеттіліктері мен мұқтаждығы және іс-әрекет түрлері
4. Жеке адамның кісілік сипаттары мен психологиялық құрылымы
5. Жеке адамның қасиеті ретіндегі қызығулар

3 тапсырма: Рефераттар қоғау:

1. Жеке адам психологиясы туралы теориялар. Зигмунд Фрейдтің теориясы
2. Жеке адамның қалыптасуына әсер ететін факторлар
3. Жеке тұлғаның психологиялық ерекшеліктері
4. Адамның қажеттілігі мен мұқтаждығын және іс - әрекет түрлері
5. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы педагогикалық теориялар

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: тақырып бойынша тесттерге жауап беру, рефераттарды қорғау.

Ұсынылған әдебиеттер тізімі:

Негізгі әдебиеттер: 1,2,4,8,9,13,15, 17,19,22,25,32,35

Қосымша әдебиеттер: 38,39,41,43

Магистранттардың оқытушымен өзіндік жұмыстары

Тақырып 1. Психология ғылым ретінде пәні, міндеттері және ерекшеліктері
Психология пәні және міндеттері

Тақырып 2. Психологияның теориялық және әдістемелік негіздері

Тақырып 3. Психологияның жаратылыстану-ғылыми негіздері

Тақырып 4. Психикалық танымның процестері

Тақырып 5. Тұлғаның психологиясы

Тапсырма: барлық тақырыптар бойынша рефераттарды орындау, көрсетілген әдебиеттермен және ғаламтор арқылы жұмыс істеу.

Әр-бір тақырыпқа қатысты (жоғарыда көрсетілген) әдебиеттерді оқып, сабақтарға дайындалу.

МОӨЖ өткізу нысаны (түрі): аудиториялық; тапсырмаларды орындау, сұрақтарды талқылау

Тапсырмаларды орындау бойынша әдістемелік ұсыным: МОӨЖ шегінде пәннің басты сұрақтарын, ұсынылған әдебиеттерді пайдалана отырып оқу және талдау, пән тақырыбына қатысты басты анықтаулар мен ережелерді жұмыс дәптерлерінде конспектілеу және тапсырмаларды орындау кезінде магистранттар берілген әдебиеттерден басқа анықтама әдебиеттерді, психологиялық сөздіктерді пайдаланулары керек

Ұсынылған әдебиеттер тізімі: 3.7 тарауда көрсетілген әдебиеттерді қолдану

Магистранттардың өзіндік жұмыстары

Тақырып 1. Психология ғылым ретінде пәні, міндеттері және ерекшеліктері
Психология пәні және міндеттері

Тақырып 2. Психологияның теориялық және әдістемелік негіздері

Тақырып 3. Психологияның жаратылыстану-ғылыми негіздері

Тақырып 4. Психикалық танымның процестері

Тақырып 5. Тұлғаның психологиясы

Тапсырма:

